

Қонарбаева А.К.

КОМПЬЮТЕР ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ҚАЗАК ТІЛІН ОҚИТУ

УДК:82-1/7(575.2) (07)

Қазіргі уақытқа Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Білім беру аймағындағы әлемді жайлаған тығырық көзі жан-жақты талқыланып, оның орнына жаңа ғасыр, «білім ғасыры» келіп отыр.

Қазақстандағы 2002, 2003 жылдары шет ел университеттерінің серіктестігімен ұйымдастырылған «Образовательная политика: диалог с обществом» жоба негізіндегі

(«Образовательные стандарты общего среднего образования РК») тренингтер мен Қазақстандағы Британдық Кеңес, Азиялық Даму банкі, ҚР. Парламенті, Білім және ғылым министрлігі бірігіп өткізген (2004. жыл) конференциялар Қазақстандағы білім нәтижесіне деген көзқарастың күрт өзгеруіне әсер етті. 2002 - 2004 жылдары Қазақстанның білім саясатындағы құзырлылыққа деген бетбұрыстармен ерекшеленеді.

Құзырлылық ұғымы педагогика ғылымында білім сапасын арттырудың, оқу үрдісін жанаша ұйыдастырудың тәсілі, технологиясы деңгейінде еңгізіліп отыр.

Құзыр, құзырлылық ұғымдары адам болмысының сапасына келіп тіреледі «Әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар... Өлшеуін білмекке - бір үлкен іс керек», деген Абай философиясы құзырлылықты тұлғаның сапалық белгісі ретінде айтқан.

Сонымен, философиялық, психологиялық педагогикалық, социологиялық талдауларда жалпы құзырлылық кәсіби шеберлік пен байланысты сегіз қырлы, бір сырлы әлеуметтік феномен деген қорытынды жасалады (1)

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі - баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуда.

Ғылымға мықтап енген «педагогикалық технология» ұғымына әртүрлі түсініктемелер берілген (В.Л. Беспалько, В.М. Шепель, И.П. Волков, М. Чошанов, М.В. Кларин, Г.К. Селевко және т.б.). Дегенмен, барлық анықтамалардың ортақ басты негізі келесі түсіндірмеден айқын көрінеді:

«Педагогикалық технологиялар — бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің оқу-тәрбие процессін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырыммен байланысқан міндеттерінің, мазмұның формалар мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері».

Бүгінгі таңда И.Д. Никандров «Сен тұрғысынан ойлау технологиясын», П.Д. Эродниевтің «Дадактикалық бірліктерді шоғырландыру технологиясы», Д.В. Эльконин мен В.Б. Давыловтың Дамыта оқыту технологиясы», Ш: А.,

Амоновиллидің «Ізгілікті-тұлғалық технологиясы», В.Ф. Шаталовтың «Оқу материалдарының. Бергі және сызба үлгілері» негізінде қарқынды жату технологиясы» және басқа ғалымдардың технологиялары кеңінен танымал.(2)

Қазақстанда М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы», Ж.Қараевтың «Білім сапасын басқару технологиясы», Ә. Жүнісбектің және тағы басқа ғалымдардың оқыту технологиялары белсенді түрде қолданылуда

XXI ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Білім берудің негізгі мақсаты — білім мазмұнын жаңартумен қатар оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық технологияны пайдалану әдісі зор рөл атқарады. Осы орайда ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауындағы «оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды білім беру саласын жақсартуда қолданыс аясын кеңейту керек» деген сөзін басшылыққа ала отырып, сабақта жана ақпараттық технологияларды пайдалануға жаппай көшуде.(3) Ақпараттық технологияларды сабақта пайдаланудың негізгі мақсаты: Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану, Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыру болып табылады.

Көптеген жаңа технологиялармен қатар соңғы кездері барлық пән сабақтарында ақпараттық технологияларды жиі қолданып, студенттерге тиянақты білім беру керек. Осыған байланысты күнделікті сабаққа:

-мультимедия (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды);

-зертханалық тәжірибелер;

-компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта) -анықтамалық мәліметтер (сөздік, энциклопедия, карта деректер қоры)

-интернет және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану айтарлықтай нәтиже береді. Мұндай қондырғылар студенттердің қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауға және алған мәліметтерді нақтылауға мүмкіндік береді. Студенттердің сабаққа деген қызығушылығын ояту мұғалімнің сабақ өткізу тәсіліне де байланысты. Қазіргі таңда оқудың интерактивті әдіс-тәсілдері өте көп. Педагогикалық ғалым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде белгілі болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай ең тиімдісін таңдап алу және олардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре

тиімді, үйлесімді әрі шығармашылықпен қолдану-сабақтың сәтті өтуінің кепілі. Осы ретте мына мәселелерге баса назар аудару керек.

1. Білім мен тәрбие беруде жариялылық, педагогикалық, ынтымақтастық, ғылыми-әдістемелік, тың ізденістерге сүйене отырып жаңашылдыққа талпыну қажет.

2. Мұғалім күнделікті әр сабағына шығармашылықпен дайындалуы керек. Өйткені, сабақ- мұғалімнің өнері, шығармасы. Сондықтан әр сабақты тиімді ұйымдастыруда студентті жалықтырмайтын, қабілетін арттыратын жағдай туғызуға ықпал етуі керек деп ойлаймын.

Ақпараттық технология негіздері тұлғаның пәннен алған білім сапасы мен сауаттылығын кеңейтуге жәрдемдеседі, мысалы: интернет сайты арқылы жоғары деңгейдегі көрнекіліктерді пайдалануға болады. Заман ағымына қарай сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану студенттің дүниетанымын кеңейтеді. Әсіресе, оқулықтағы тарауларды қорытындылау кезінде студенттер қосымша материалдар жинақтап, білімдерін кеңейтіп, танымдық

белсенділігін арттырып қана қоймай, қисынды ойлау жүйесін қалыптастырып шығармашылығын дамытады. Тестік тапсырмалар орындайды. Компьютер көмегімен оқыту оң нәтижелер береді. Ақпараттық мәдениет дегеніміз - тек компьютермен дұрыс жұмыс істей білу ғана емес, кез-келген ақпарат көзін: анықтамаларды, химиялық немесе математикалық формулалар, сөздіктерді, теледидар бағдарламаларын т.с.с. дұрыс пайдалана білу деген сөз.

Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі - бұл студенттерге өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Ол үшін мұғалім еткізетін сабақтың түрін дұрыс тандай білуі қажет. Сабақты сәтті ұйымдастырудағы басты мақсат - студенттің сабаққа деген қызығушылығын арттырып, бүгінгі заман талабына сай білім беру. Сабақтың сәтті өтуі біріншіден, мұғалімнің біліміне, іскерлігіне, тәжірибесіне байланысты болса, екіншіден, сабақ материалына, ал үшіншіден, топтың тиішіше, төртіншіден мұғалім мен студенттің көңіл - күйіне де байланысты. Сабақты тартымды әрі сәтті өткізе білу мұғалімдер қауымынан көп ізденуді, білімділікті, қабілеттілікті және тапқырлықты қажет етеді. (4) Біздің ойымызша, сабақты сәтті ұйымдастырудың бірнеше алғыпарттары бар. Олар:

-Сабақтың тақырыбына сай сабақ жоспарын жасау. Сабақ жоспары нақтылы жүзеге асатындай етіп жасалуы қажет. Дұрыс құрылмаған сабақ жоспары жақсы нәтиже бермейді.

-Тақырыпқа сай сабақ түріе, оның әдіс-тәсілдерін түрлендіріп отыру.

-Қосымша материалдарды тақырыпқа сай шығармашылықпен іріктеп ала білу.

-Дидактикалық, техникалық құралдарды, электрондық оқулықтарды мақсатқа сай студент сезіміне әсер ететіндей тұрғыда пайдалану.

-Сабақта алдыңғы қатарлы озық іс-тәжірибелер мен жаңа технологияларды пайдалану. Бұл орайда инновациялық технологияларды пән бойынша қандай тарауға, қай тақырыпқа пайдалану тиімді болатынына зерттеу, салыстырып жүргізіп отыру қажет деп ойлаймыз. Сонымен бірге, студенттің бастықы білім деңгейін, жаңа технологияны пайдалану барысында қаншалықғы білім алыш шыққанын, не үйрепгенін айқындап, диагноскакалап отыру да артық болмайды. Өйткені, мұғалім тарапынан білімі мен іскерлігі тексерілмеген студенттер біртіндеп үлгермеушілер қатарына қосылады. Бұл өз кезегінде сабақтың сәтті өтуіне зиянын тигізбей қоймайды.

Ақпараттық технологиялардың бірі - интерактивтік тақта, мультимедиялық және он-лайн сабақтары. Оқыту үрдісін компьютерлендіру мақсатында интерактивті тақтамен жұмыс жасау тиімді. Қазіргі уақытта Қазақстанның жалпы білім беретін оқу орындарының барлығы дерлік интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген және жаңа ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен қарастырылған. Жоғары оқу орындарының информатика кабинеттерінде интерактивті тақта орнатылған. Сондықтан бұл тақтамен әр сабақты қызықты өткізуді ойластырып, жоспарлауға болады.

Тақтаны қолдану арқылы студенттердің қызығушылығын, интеллектуалдық танымын, білім сапасын арттыруға болады. Интерактивті тақтаны әр сабақ барысында, соның ішінде басқд ұлт студенттеріне қазақ тіліне практикалық сабақтарды өткізген кезде жні қолдануға болады.

Мысалы:Қазақ тілін мамандыққа бейімдеп оқыту барысында, оларға техникалық терминдерді| менгерту барысында интерактивті тақтамен жұмыс жасау студенттердің қызығушылығын танытып қана қоймай, шығармашылық қабілеттеін дамыту мен қатар жаңа ақпараттық технологияменгеруге, оны пайдалана алуына мүмкіндік береді. Сабақта интерактивті тақтаның элементтерін| пайдалану, дайындалған арнайы тапсырмаларды тыңдан қана қоймай, көздерімен көріп, оны жетік түсінуге, дағдыландырады. Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы студенттердің білімін тексеру үшін әр тарауды аяқтаған кезде немесе жаңа сабақты бекіткен уақытта тестілеу әдісін қолдануға болады. Студенттерден бір уақытта жауап алуға мүмкіндік береді. Тестілеудің нәтижелерін құрылған график арқылы тексеріп, сол уақытта бағалауға болады. Жауап нәтижелерін бақылап және студенттердің материалды түсіну деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы тестілеген кезде мұғалім студенттердің білім

деңгейін анықтай алады. Студентке тест сұрақтарына жауап беруі үшін уақыт беріледі. Бұл жүйе туйық студенттердің ойын білдіріп, жалқау студенттердің қызығушылығын арттырады. Студенттер жауаптарын құпия түрде бере алады.

Ақпараттық технологияларды жүзеге асырудағы тағы бір мүмкіндігі - ол электронды оқулық. Электрондық оқулық - бұл дидактикалық әдіс — тәсілдер мен ақпараттың технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Электронды оқулықпен оқыту оқытушының студентпен жеке жұмыс істегендей болады. Электрондық оқулық тек қана студент үшін емес, мұғалімнің дидактикалық әдістемелік көмекші құралы да болып табылады.(4)

Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдерден шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі студенттің жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырады. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы студенттердің ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютертерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары болмақ. Жаңа ақпараттық техникаларын пайдалану соңғы уақытта жоғарғы білім беру жүйесінде маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Мультимедиялық технологиялар көбіне компьютерлік сыныптарда қолданылады. Қазіргі уақытта сабақ материалына байланысты көптеген компакт-дискілер бар. Жоғарғы оқу орындарында химия, физика, биология, география, шет тілін, қазақ тілі сабақтарын компьютердің көмегіне сүйеніп өткізуге көп мүмкіндіктер жасалған. Жаңа материалды түсіндіруде интерактивті компьютерлік графиканы пайдалануды кездейтін ақпараттық-бағдарламалық құралдарды пайдалануға болады. Компьютерлік графикалық материал презентациялық монитор көмегімен көрсетіледі. Жоғарыда айтылған пәндер бойынша компьютерлік тестілеуді қолдану студенттердің интеллектуалдық танымын арттырады. Студенттер бір тестілеуден жақсы нәтижеге жеткенше бірнеше қайтара өтеді. Бұл тестілердің барлығы пән бойынша минимум талаптарына сәйкес келеді. Келесі бір маңызды жағдай уақыты үнемдеу. Аз уақыттың ішінде бағдарламаның көптеген қиын сұрақтарын формулалар мен эксперименттер көрсету арқылы түсіндіріліп, бекітіледі. Осы айтылған сабақтарда жаңа ақпараттық технологияларды қолдана отырып өз бетінше жұмыс істеу факторы - формаларды еске түсіріп есептерді шығара білу, шапшандылық, шеберлік дағдыларын ұйымдастырады.

Осындай ақпарат құралдарын пайдалану оқытушыға, әр сабақ барысында студенттердің, қабілетіне, білім деңгейіне, ынтасына қарай топқа бөліп, өз бетімен еңбектенуге, ізденуге, шығармашылыққа баулып, қорытынды жасауға машықтандыруға, студенттің ақыл-ойын дамытып,

өзіндік дүниетанымын қалыптастыруға, сабаққа *ынтасын* арттырып, тапсырманы орындау барысында жіберілген қателер мен кемшіліктерді уақытында анықтап түзетуге мүмкіндік жасайды. Сондай-ақ, сабақ барысында студенттерді біліммен қаруландырып қоймай ояарды қисынды ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін студенттердің шығармашылық ізденісін, тапқырлығын, зеректігін, ойлауға икемділігін, өмірге ғылыми көзқарасын дамытуға өткізілген сыныптан тыс жұмыстарда әр түрлі тынымдық ойындарды қолдануға болады. Жоғарда айтылған ойды басшылыққа ала отыра және істелінген жұмыстарды қорытындылай келе өзін-өзі бағалай білетін, шығармашылық деңгейі жоғары жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыруға студенттің білім саласын көтеріп, алған білімдерін өмірмен ұштастыруға бағыт беріп құзырлығын дамытуға болады. Бұл айтылған шаралардың маңызы зор.

Студенттердің функционалды сауаттылығы арттыру, алған білімдерін тиянақты болуын қадағалау үшін сыныптан тыс жұмыстар жүргізіп, оны қызықтыратындай әр түрлі ойындар, викторина шешу, кроссворд құрастыру, логикалық тапсырмалар орындау арқылы ой-өрісін, пәнге қызығушылығын арттырып, пән аралық байланысты нығайту қажет. Тарауды қайталау, қорытындылау кезінде «қайталау-оқу анасы» деген нақыл сөздерді қолданып, тақырыпқа байланысты сөздік қорларын молайтып, өткен тақырыптың мазмұнын толық ашу үшін сәйкестендіру кестесін толтырғызып, сабақты бекіту қажет. Әр тарауды өткен соң, түрлі диктант, өздік жұмыс, тақырыптық тапсырмаларды орындау, бақылау жұмыстары, тестік тапсырмалар өткізу арқылы тақырыпты қаншалықты меңгергенін тексеріп, тақырыпты толық меңгере алмаған студенттермен қосымша сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар жүргізу қажет. Тест түрлері студент білімін бекітуге қайталауға, жүйелеуге мүмкіндік береді. Сонымен қоса мұғалім мен студенттердің уақытын үнемдеуге оқу жұмысын ұйымдастыруға жағдай жасайды. Тестік тапсырмаларды студенттердің білім деңгейіне байланысты қурастырып, нәтижесін кілтімен тексертіп өздеріне бағалату қажет. Егер жауап-75%-дан жоғары болса - «жақсы», -50%-ға дейін «қанағаттанарлық», -50%-дан төмен-білім деңгейі «томен» көрсеткішпен бағаланады. Баға-бейне бір белгі және сонымен қатар өлшем сияқты, ол оқытудың нәтижелілік дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді. Бағалау парағына әр деңгейлік тапсырманың бағасын қойып, қорытынды бағасын шығару керек.

Барлық пәндер жайында компакт-дискілерде кең қамтылған. Рефераттар жазуда студенттер атақты адамдардың өмірбаяны жөнінде ақпарат құралдарынан энциклопедиялық мәліметтер ала алады. Жалпы студенттердің ақпараттық технология негіздерінен алған білімі арқылы:

1, Студенттің пәнге деген қызығушылығы артады, құлшынысы оянады.

2, Шығармашылық қабілеттері артады.

3, Жылдам ойлауға машықтанады, білім сапасы артады.

4, Студенттер өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланады.

5, Экологиялық сауатты болуға үйренеді.

6, Ақпараттық технологияны меңгеруге ұмтылыс пайда болады. (4)

Ақпараттық технологияны мұғалім жұмысына ең тиімдісі – студенттердің білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдер шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Сондықтан, ХХІ ғасыр – информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетімізді болашағы – жас ұрпаққа заман

талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі студенттің жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға йтеріп, нәтижесінде - ездерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы студенттердің ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептейміз.

Сондай-ақ, еліміздің болашақ жастарына заман талабына сай білім беру - бүгінгі күннің талабы. Бұл талапты орындауда ұстаздардың және тілді меңгеретін студент - жастардың алдында орасан зор міндет тұрғандығын айтқан жөн.

Рецензент: д.филол.н., профессор Жилкубаева А.Ш.